

ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022жылғы 9 қыркүйегіндегі №394 бұйрығына 2 қосымша, 2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрық , №348 бұйрықтар негізінде құрылған 194 бұйрық 1, 2 қосымша , 26 мамыр 2025 №123 бұйрық «Адал азамат» Біртұтас тәрбие құндылықтары негізінде жасалып, «Адалдық әліппесі» бойынша дидактикалық ойындар жинағы кіріктірілген.

**Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Желтоқсан 1-апта
Кіші 2-жас
Тәуелсіздік және отаншылдық айы**

Апта Дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.12.2025	Сейсенбі 02.12.2025	Сәрсенбі 03.12.2025	Бейсенбі 04.12.2025	Жұма 05.12.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен күтіп алу, әр баланы атымен атап, үйде нестеді ,немен айналысты , демалыста қайда қыдырды сұрау Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Балалар жиналған соң ҚР гимн орындату	Баланы есік алдында күлімдеп қарсы алу. Қолын ұстап, топқа бірге кіру. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Баланың киімін шешуге көмектесу, «Өзің істегің келе ме?» деп дербестікке ынталандыру. Баланың көңіл-күйін сұрау, қысқаша әңгімелесу Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Баланы құшақтап қарсы алу. Балаға шағын мақтау айту: «Сен бүгін әдемі киініп келіпсің Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Баланы жылы шыраймен қарсы алып, есімін атап, «Сені көргеніме қуаныштымын» деп айту. Үйде немен айналысқаны туралы сұрау Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Үнемдеу Балаға артық шығынның қажет еместігін іс жүзінде көрсету туралы кеңес беру Баламен бірге су мен шамды өшіруді жасау.	Баланың еңбек дағдысын ойын арқылы дамыту жолдары. Қарапайым тұрмыстық тапсырмалар (қол орамалды орнына қою, кітапты сөреге қою).	Әрбір ата-ананың іс-әрекеті балаға үлгі екендігі. Бала ата-ананың еңбекқорлығын бақылап үйренету Баланың көзінше жұмысты ынтамен атқарып, қуанышпен орындау.	2 жасқа сай еңбек түрлері: гүлге су құюға көмектесу, киімін орнына қою. Шағын еңбекті жүйелі түрде орындауға баулу. Ата-ана мен баланың бірге еңбектенуінің тәрбиелік мәні.	Баланы еңбекке үйретуде жылы сөз, мадақтау маңыздылығы. Баланың кішкентай жетістігін мойындап отыру. «Сенің көмегің бізге өте пайдалы болды!» деген қарапайым сөздердің тәрбиелік күші

<p>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</p>	<p>Тақырыбы: «Бесіктің сыры» Міндеті: Балаларды бесікпен және оның құрылысы, маңызы туралы түсінікпен таныстыру. Тіл дамыту: «Бесік», «нәресте», «жөргек» сөздерін үйрету. Көркем әдебиет: «Бесік туралы» шағын әңгіме тыңдау. Ойын барысы: «Бесікті табайық» – суреттер арасынан бесікті табу. Нәтиже: Балалар бесіктің не үшін қажет екенін түсінеді, сөздік қоры кеңейеді. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті</p>	<p>Тақырыбы: «Ана мен бөбек» Міндеті: Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілікті таныту, жылы сөз айтуға баулу. Тіл дамыту: «Ана», «бала», «махаббат» сөздерін сөйлемде қолдану. Көркем әдебиет: «Анашым» тақпағын жаттау және мәнерлеп айту. Ойын барысы: «Кім айтады?» – суретке қарап сөздер айту. Нәтиже: Балалар анасына деген сүйіспеншілікті сөз арқылы білдіреді. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті</p>	<p>Тақырыбы: «Бесік жырымен ұйықтаймыз» Міндеті: Балаларды бесік жырымен таныстырып, есту және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тіл дамыту: Бесік жырының мағынасын түсіндіру, жаңа сөздерді қайталау. Көркем әдебиет: Тәрбиеші бесік жырын орындайды. Ойын барысы: «Ұйықтай ғой, бөпем» – қуыршақты тербетіп ән айту. Нәтиже: Балалар жырдың әуенін сезінеді, сөздерді есте сақтайды. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті</p>	<p>Тақырыбы: «Жыр әуені» Міндеті: Өлеңнің ырғақ пен әуезін сезінуге, сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Тіл дамыту: Өлеңдегі ұйқастарды айту, буынмен қайталау. Көркем әдебиет: Бесік жырының бір шумағын жаттау. Ойын барысы: «Кім жалғастырады?» – тәрбиеші бастайды, бала жалғастырады. Нәтиже: Өлең құрылымын түсінеді, есте сақтау қабілеті артады. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті</p>	<p>Тақырыбы: «Мен бөпемді тербетемін» Міндеті: Қамқорлық пен мейірімділік сезімін қалыптастыру. Тіл дамыту: «Қамқорлық», «жақсы көремін» сөздерін үйрету. Көркем әдебиет: «Тәтті ұйқы» өлеңін тыңдау. Ойын барысы: «Менің бөпем» – қуыршақты тербетіп жыр айту. Нәтиже: Балалар қамқорлық пен сүйіспеншілікті іс-әрекет арқылы көрсетеді. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті</p>
<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p>Жаттығу №1 Секірулер (2-3 минут) – бала өз орнында жеңіл секіріп ойнауы керек. Қол шапалақтау (2 минут) – орындарында тұрып, жоғары және төмен қол шапалақтау. Шеңбер жасау (2 минут) – бала қолдарын жайып, денесін шеңбер жасап айналдырады. - Орындарынан секіру</p>	<p>Жаттығу №2 Жүру және тоқтау ойыны (5 минут) – бала бөлменің ішінде жүреді, "Тоқта!" деген сигналды естігенде тоқтайды. Аюша еңбектеу (2 минут) – бала еденде төрт аяқтап аюша еңбектейді. - Допты домалату (5 минут) – допты алға-артқа домалатып ойнау.</p>	<p>Жаттығу №3 Қолдарын жоғары көтеріп созылу (2 минут) – бала биікке жетуге тырысып, қолдарын жоғары созады. Қабырғамен жүру (5 минут) – қабырғаға жақын жүріп, қолмен тірек етіп жүру. Қоянша секіру (3 минут) – екі аяқпен жерден жоғары секіру.</p>	<p>Жаттығу №4 Қолдармен иықтарға тигізу (2 минут) – бала қолдарын жоғары көтеріп, иығына тигізеді. Аяқпен жорғалау (5 минут) – аяқтарын алдыға тартып, жерде жорғалап жүру. Жеңіл секірулер (3 минут) – бала өз орнында жеңіл секіре алады.</p>	<p>Жаттығу №5 Би (5 минут) – балаға ұнайтын әуенді қосып, еркін би қимылдарын жасау. Кемпірқосақ жасау (2 минут) – бала қолдарын жоғары көтеріп, үлкен доға жасап, кемпірқосақ бейнесін жасайды. Допты жоғары лақтыру (3 минут) – бала допты жоғары лақтырып, ұстап алады.</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу</p>	<p>Тамақ ішер алдында орындыққа өзі отырады.</p>	<p>Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру, Қасық</p>	<p>Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, ас ішіп</p>	<p>Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі,</p>

	<p>Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>Бата айтқанда тәрбиешімен бірге «Әумин» дейді. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу</p>	<p>Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу</p>	<p>Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу</p>	<p>Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу</p>	<p>Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу</p>
Кестеге сәйкес ҮІӨ	<p>Дене Тәрбиесі Тақырыбы: «Желмен жарысамыз» Міндеті: Берілген бағытта жүгіруді үйрету. Іс-әрекет: Балалар тәрбиешімен бірге 10–15 метр қашықтықта жүгіреді, бағытын сақтайды. Ойын барысы: «Жел соқты» – тәрбиеші «жел оңнан соқты», «солдан соқты» дегенде, балалар сол бағытта жүгіреді. Нәтиже: Бағытты сақтап, белгі бойынша жүгіруді меңгереді. Қаржылық сауаттылық – ақша Іс-әрекет: Жасанды ақша беріп, ойыншық</p>	<p>Дене Тәрбиесі Тақырыбы: «Тоқта! Белгі бойынша әрекет етейік» Міндеті: Белгі бойынша тоқтауды үйрету. Іс-әрекет: Балалар «Тоқта!» деген белгі немесе алақан соғу бойынша жүгіруін тоқтатады. Ойын барысы: «Тоқта!» – тәрбиешінің белгісімен балалар қимылсыз тұрып қалады. Нәтиже: Белгіге назар аударуды және реакцияны дамытады. Өнегелі мінез-құлықты қалыптастыру Балалармен бірге «ең жақсы дос» болу туралы әңгіме жүргізу, бір-біріне көмектесу мен қамқор болудың маңыздылығын түсіндіру.</p>	<p>Дене тәрбиесі Тақырыбы: «Үндемейтін мысық» Міндеті: Аяқтың ұшымен жүруді қалыптастыру. Іс-әрекет: Балалар түзуленіп, аяқтың ұшымен жүреді, дыбыс шығармай қозғалады. Ойын барысы: «Үндемейтін мысық» – ойыншыққа жақындап, дыбыссыз баруға тырысады. Нәтиже: Тепе-теңдік сақтау мен байқағыштық қабілеті артады. Үнемді пайдалану "Киімді күтіп кию" (Киімді ұқыпты қолдануға үйрету)</p>	<p>Музыка Тақырыбы: Қоңыраудың сыңғыры Міндет: Балаларды қоңыраудың жоғары және төмен дыбыстарын тыңдауға үйрету Іс-әрекет: Тәрбиеші қоңырауды жоғары және төмен дыбыспен соғады Балалар дыбыс өзгергенде қолдарын жоғары төмен көтереді Қоңыраудың дыбысына сәйкес қимыл жасайды биікке секіру тізерлеу Нәтиже: Балалар қоңыраудың жоғары және төмен дыбыстарын ажыратады Көшедегі қауіпсіздік</p>	<p>«Өнегелі 15 минут» "Достық пен көмек" Мақсаты: Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету. Жер сілкіну кезінде қауіпсіздік Іс-әрекет: Үстелдің астына жасыру ойыны. Ұлттық құндылық: «Амандық – саулықтың бастауы» мақалын қайталау</p>

	сатып алу ойыны. Ұлттық құндылық: «Еңбек – байлықтың кілті».мақалын қайталату	Құрмет, мейірімділік және төзімділік туралы мысалдар келтіру.	Балаларға киімдерді үнемдеп, таза киіп жүрудің маңыздылығын түсіндіру. Ойын барысында киімдерді дұрыс кию және оны сақтап, ұқыпты болуды үйренеді.	балаларға ересектерсіз көшеге шықпау керектігін түсіндіру Көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспеу туралы айту. Балалармен серуен кезінде жолда қалай жүру керектігі туралы мысалдар келтіру және олардың назарын қауіпті жерлерге аудару.	
Екінші таңғы ас	Берілген асты таусып ішуге дағдыландыру, үстел басында отыру ережесін айту, таматанып болған соң майлық қолдану қажет екенін үйрету (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)	Асты отырып ішу қажет екенін түсіндіру , ас ішіп болған соң алғыс айту. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)	Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)	Берілген тағамның пайдасын түсіндіру, алғыс айтуды үйрету Тамақтануға дайындық (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту керек екенін ескерту Таңғы аспен таныстыру (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)
Серуенге дайындық	Балаларға қысқы ауа райының салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді коршайды.	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру, Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (шана, күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру. Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік, қолғап, бас киім) кигізеді.
Серуен	Серуен картотекасы №1 Қар жауып тұр. Ойын: «Қарды ұстайық!» Барысы: Балалар алақандарымен қарды ұстап көреді, тәрбиеші:	Серуен картотекасы №2 Ағаш бұтақтарындағы қар. Ойын: «Ағаштарға көмектесеміз» Барысы: Балалар қолымен қарды сілкілейді, тәрбиеші: “Міне, ағаштар жеңілдеп қалды”.	Серуен картотекасы №3 Құстарға жем салу. Ойын: «Құстарды шақырамыз!» Барысы: Тәрбиеші жем шашады, балалар “шиқ-шиқ” деп құстарды	Серуен картотекасы №4 Аяз және мұз. Ойын: «Мұз қатты ма?» Барысы: Балалар мұзды ұстап, оның суық әрі тайғақ екенін байқайды. Эксперимент: Мұзды жылы алақанға салу –	Серуен картотекасы №5 Қардан мүсін жасау. Ойын: «Қар адам жасайық» Барысы: Балалар қарды домалатып, тәрбиешімен бірге қар адам тұрғызады. Еңбек: Шелек, күрек

	<p>“Қар суық па? Ақ па?” — деп бағыт береді. Еңбек: Қарды совокпен жинау. Тіл дамыту: Ақ, суық, қар. Экология: Қарды жерге тастамау — үнемшіл болу.</p> <p>Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Еңбек: Қар тазалау. Эксперимент: Қарды алақанға салып, ерігенін бақылау. Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>шақырады. Еңбек: Құстарға ұя жанын тазалау. Тіл дамыту: Құс, жем, нан, ұя. Экология: Табиғатқа қамқорлық. Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>еруін бақылау. Тәрбиеші: “Қатты зат – мұз, жылыда ериді.” Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>қолдану. Тіл дамыту: Қар, мұрын, көз, шелек. Экология: Артық қарды ысырап етпеу. Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру</p>
Серуеннен оралу	<p>Балаларды сырттан кіргенде қауіпсізді сақтап реттілікпен кіруге дағдыландыру, сырт киімдерін шешіп ,ілуіне көмек көрсету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p>	<p>Сырттан бөлмеге кіргенде реттілікпен қолдарын сабын қолданып жуу қажет екенін ескертіп, жууға көмек беру. Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p>	<p>Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p>	<p>Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады тәрбиеші көмегімен Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу. Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p>	<p>Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p>
Түскі ас	<p>Берілген асты таусып ішуге дағдыландыру, үстел басында отыру ережесін айту, таматанып болған соң майлық қолдану қажет екенін үйрету (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>Асты отырып ішу қажет екенін түсіндіру , ас ішіп болған соң алғыс айту. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету. Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>

Күндізгі ұйқы	Киімдерін шешім жайлы киім ауыстыруға көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	Маркировка бойынша балалар өз орындарын тауып жату, «мақта қыз» ертегісінің аудио нұсқасын қосу.	Қолдарын жуып, ұйқыға дайындалады. Киімдерін шешіп, өз төсегіне жатады. Тыныштық сақтап, тәрбиеші әңгімесін тыңдайды немесе баяу әуенге құлақ қояды	Киімдерін шешім жайлы киім ауыстыруға көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	Жайлы киім киюге көмектесу, «Адал ас» ертегісінің аудио нұсқасын қосу. Бөлмеде тыныштық орату
Біртіндеп ұйқыда нояту, сауықтыру шаралары	Балаларды жағымды әуенмен ояту, балаларды кедір бұдырлы ж Балалар аяқтарын тік басып тұрады. Табандарын кезек-кезек көтеріп, еденге жеңіл тию қимылын жасайды. олармен	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау Табанмен жеңіл айналмалы қозғалыстар жасау. Массаж элементі ретінде дөңгелек тастар, түйірші резеңке, массаж доптары қолдану	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар	Жағымды музыка қою Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Жұмсақ және қатты жолдар
Бесін ас	Балаларды үстелде түзу отыруын қамтамасыз ету, ас ішкенде артыкіс-әрекеттер жасауға болмайтынын түсіндіру (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)	Балаларды үстелде дұрыс отыруын бақылау, берілген асты ұқыптылықпен ішуін түсіндіру. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру, Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)

<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>Тақырыбы: «Түстер әлемі» Міндеті: Негізгі түстерді ажыратуға үйрету. Сенсорика: фигуралармен берілген Қызыл, көк, сары түстерді ажырату Құрастыру: Түрлі түсті (сары, қызыл,көк)текшелерден мұнара тұрғызу. Ойын барысы: «Түсті тап!» –балалар айтқан түсті көрсетеді. Нәтиже: Балалар негізгі түстерді таниды.</p> <p>Сенсорика, құрастыру таным іс-әрекеті</p>	<p>Тақырыбы: «Пішіндермен танысамыз» Міндеті: Геометриялық пішіндерді атауға үйрету. Сенсорика: Шаршы, үшбұрыш, дөңгелек, тік төртбұрышты ажырату. Құрастыру: Геометриялық пішіндерден үй құрастыру. Ойын барысы: «Қай пішін жоғалды?» арасынан бір пішінді алып қай пішін жоғын сұрау Нәтиже: Балалар пішіндерді ажыратады және атайды.</p> <p>Сенсорика, құрастыру таным іс-әрекеті</p>	<p>Тақырыбы: «Үлкен бе, кіші ме?» Міндеті: Заттарды көлемі бойынша салыстыру. Сенсорика: Үлкен және кіші пішіндерді салыстыру. Құрастыру: Үлкен және кіші текшелерден мұнара жасау. Ойын барысы: «Кім үлкен?» – заттарды қатар қойып салыстыру. Нәтиже: Балалар көлем ұғымын меңгереді. Сенсорика, құрастыру таным іс-әрекеті</p>	<p>Тақырыбы: «Ұқсас фигуралар» Міндеті: Пішіндерді ұқсас қасиеттері бойынша топтастыру. Сенсорика: Ұқсас түсті және пішінді заттарды табу. Құрастыру: Бір түсті пішіндерден сурет құрастыру. Ойын барысы: «Ұқсасын тап!» Нәтиже: Балалар ұқсастық пен айырмашылықты ажыратады.</p> <p>Сенсорика, құрастыру таным іс-әрекеті</p>	<p>Тақырыбы: «Тік және көлденең» Міндеті: Кеңістіктегі бағыттарды түсіндіру. Сенсорика: «Жоғары – төмен», «оң – сол» бағыттарын көрсету. Құрастыру: Таяқшалардан көлденең және тік сызықтар жасау. Ойын барысы: «Қайда орналасқан?» Нәтиже: Балалар кеңістік бағыттарын ажыратады. Сенсорика, құрастыру таным іс-әрекеті</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті Міндет: Коммуникативтік дағдыларды дамыту Іс-әрекет барысы: Тәрбиеші балаларға қарапайым сұрақтар қояды, балалар қысқа жауап береді</p>	<p>Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Танымдық дағдыларды жетілдіру Іс-әрекет барысы: Балалар негізгі түстерді ажыратады, пішіндер мен көлемдерін салыстырады</p>	<p>Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту Іс-әрекет барысы: Балалар бағыт бойынша жүреді, жүгіреді, баспалдақпен жоғары-төмен қозғалады</p>	<p>Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті Міндет: Коммуникативтік дағдыларды дамыту Іс-әрекет барысы: Тәрбиеші балаларға қарапайым сұрақтар қояды, балалар қысқа жауап береді</p>	<p>Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Танымдық дағдыларды жетілдіру Іс-әрекет барысы: Балалар негізгі түстерді ажыратады, пішіндер мен көлемдерін салыстырады</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.</p>	<p>Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас</p>	<p>Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйрететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).</p>	<p>Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.</p>	<p>Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту</p>

		киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу			
Серуен	Серуен картотекасы №6 Топ бөдмесінде «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Ойыншықтарды атауға, ұстап көруге үйрету. Барысы: Тәрбиеші ойыншықтарды (доп, қуыршақ, машина) көрсетеді, балалар оларды ұстап көреді. Ойын: «Кім не ұстады?» Сөздік: Доп, қуыршақ, машина. Қимыл: Допты домалату, қуыршақты тербету.	Серуен картотекасы №7 Тақырып: «Қар қандай?» Мақсаты: Қардың қасиеттерін таныстыру. Бөлмеде: Қардың суреттерін көрсету, балаларға “ақ”, “суық” деген сөздерді айту. Далада: Балалар қарды ұстап көреді, ериді ме, суық па — байқайды. Ойын: «Қар домалат!» Барысы: Балалар алақанымен қарды домалатады, тәрбиеші сұрайды: “Қар жұмсақ па?”, “Суық па?” Тіл дамыту: Ақ, қар, суық, ериді. Қоршаған әлеммен таныстыру)	Серуен картотекасы №8 Тақырып: «Қысқы киімдеріміз» Мақсаты: Қысқы киімдердің атын айту және суреттен тану. Бөлмеде: Киім суреттері мен нақты заттарды салыстыру. Далада: Балалар өз және достарының киімдерін таниды (қолғап, етік, бас киім). Ойын: «Киім кімге?» Барысы: Тәрбиеші қолғапты көрсетіп, “Кімнің қолғапы?” деп сұрайды. Балалар өзінікін табады. Қоршаған әлеммен таныстыру)	Серуен картотекасы №9 «Машинаны итереміз» Мақсаты: Заттық әрекетті үйрету — итеру, домалату. Бөлмеде: Ойыншық машинаны көрсету, дөңгелегін айналдыру. Далада: Машинаны қар үстінде итеру. Ойын: «Жолда келе жатқан көлік» Барысы: Балалар кезекпен машинаны итеріп жүргізеді. Тіл дамыту: Машина, жол, дөңгелек. Қоршаған әлеммен таныстыру)	Серуен картотекасы №10 Тақырып: «Текшелерден үй саламыз» Мақсаты: Заттық-бағдарлық әрекетті орындау. Бөлмеде: Текшелерді бірінің үстіне қою. Далада: Қардан шағын үйшік жасау. Ойын: «Үйшік салдық» Барысы: Балалар бірге үй тұрғызады, “Бұл кімнің үйі?” деп сұрақ қою. Қоршаған әлеммен таныстыру)
Серуеннен оралу	Балаларды сырттан кіргенде қауіпсізді сақтап реттілікпен кіруге дағдыландыру, сырт киімдерін шешіп ,ілуіне көмек көрсету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Сырттан бөлмеге кіргенде реттілікпен қолдарын сабын қолданып жуу қажет екенін ескертіп, жууға көмек беру. Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу
Кешкі Ас	Балаларды үстелде түзу отыруын қамтамасыз ету, ас ішкенде артықіс-	Балаларды үстелде дұрыс отыруын бақылау, берілген	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі,

	<p>әрекеттер жасауға болмайтынын түсіндіру (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>асты ұқыптылықпен ішуін түсіндіру. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>Тақырыбы: «Дөңгелек сызықтар әлемі» Міндеті: Дөңгелек пішін мен сызықты бейнелеуге үйрету. Сурет салу: Қарындашпен дөңгелек сызықтар сызу. Мүсіндеу: Саздан домалақ пішіндер жасау. Жапсыру: Дөңгелек пішіндерді қағаз бетіне орналастыру. Ойын барысы: «Домалақтар билейді» – балалар домалақ пішіндерді саусақпен айналдырады. Нәтиже: Балалар дөңгелек пішінді бейнелеп, кеңістік бағытын түсінеді. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері</p>	<p>Тақырыбы: «Толқын сызықтар» Міндеті: Толқын тәрізді сызықтарды салуға және көру арқылы есте сақтауға үйрету. Сурет салу: Су толқындарын бейнелеу. Мүсіндеу: Саздан ирек баулар илеу. Жапсыру: Көк түсті ирек сызықтарды қағазға орналастыру.. Ойын барысы: «Су толқыны» – балалар қолдарын жоғары-төмен қозғап толқын қимылын қайталайды. Нәтиже: Балалар сызық түрлерін таниды, қол қозғалысы үйлеседі. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері</p>	<p>Тақырыбы: «Шарлар аспанда» Міндеті: Дөңгелек пішіндермен жұмыс арқылы түстер мен көлемді ажыратуға үйрету. Сурет салу: Түрлі түсті шарлар салу. Мүсіндеу: Саздан кішкентай шарлар илеу. Жапсыру: Фланелеграфта шарларды жапсыру. Ойын барысы: «Шарлар ұшады» – балалар қолдарын жоғары көтеріп, шар ұшыру қимылын жасайды. Нәтиже: Балалар пішін мен түс үйлесімін меңгереді. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері</p>	<p>Тақырыбы: «Күн мен бұлт» Міндеті: Табиғат құбылыстарын бейнелеуге үйрету. Сурет салу: Күн мен бұлтты салу. Мүсіндеу: Саздан күн мен бұлт пішінін илеу. Жапсыру: Мақта бұлттарын көк қағазға жапсыру.. Ойын барысы: «Күн шықты – бұлт жасырды» – тәрбиеші дауыстап айтып, балалар суреттерді көрсетеді. Нәтиже: Балалар табиғат бейнелерін кеңістікте орналастыра алады. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері</p>	<p>Тақырыбы: «Көңілді күн» Міндеті: Түзу және сәулелі сызықтарды сызуға үйрету. Сурет салу: Күннің сәулелерін сызу. Мүсіндеу: Күннің ортасын саздан жасау. Жапсыру: Сәулелерді қағаз жолақтардан жапсыру. Ойын барысы: «Күн сәулесін тарат» – балалар қолдарын айналдырып, сәулелер шығарады. Нәтиже: Балалар түзулерді қолдана отырып бейнелеуді меңгереді. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Балалардан ертеңгі күнге қандай іспен айналысқысы келетінін сұрау.</p>	<p>Ата-аналарға балалардың бүгінгі белсенділігі туралы айту</p>	<p>Ата-аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.</p>	<p>.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</p>	<p>Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу</p>

Тәрбиеші:

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Желтоқсан 2-апта
Кіші 2-жас
Тәуелсіздік және отаншылдық айы

Апта Дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.12.2025	Сейсенбі 09.12.2025	Сәрсенбі 10.12.2025	Бейсенбі 11.12.2025	Жұма 12.12.2025
Балаларды қабылдау	Балаға «Бүгін сені қандай қызық күтіп тұр!» деп ынталандыру. Баланы топқа еркін кіргізу, басқа балаларға қосу. Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру	Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Тақырыбы: «Біздің дәстүрлер» Міндеті: Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, ұлттық сөздерді меңгерту. Тіл дамыту: «Шілдехана», «тұсаукесер» сөздерін айту. Көркем әдебиет: Халық жырынан шағын үзінді оқу.	Тақырыбы: «Жақсы сөз – жарым ырыс» Міндеті: Балаларды жылы, сыпайы сөз қолдануға үйрету. Тіл дамыту: Жылы сөздерді сөйлем ішінде қолдану. Көркем әдебиет: («Жақсы сөз – жан семіртеді»).сөдерін қайталату Ойын барысы: «Жақсы сөз айт!»балаларға жақсы	Тақырыбы: «Тіл мен жырдың сазы» Міндеті: Артикуляциялық жаттығулар арқылы анық сөйлеуге үйрету. Тіл дамыту: «Тіл ұшы», «ерін», «дем алу» жаттығуларын орындау. Көркем әдебиет: «Бөпем ұйықтай ғой» жырын тыңдау және айту. Ойын барысы: «Қайтала да айт!» – тәрбиешінің соңынан қайталау.	Тақырыбы: «Мен жақсы көремін» Міндеті: Сезім мен мейірімді сөздерді сөйлеу арқылы білдіруге үйрету. Тіл дамыту: «Жақсы көремін», «еркелетемін» сөздерін қолдану. Көркем әдебиет: «Анашым менің» өлеңін тыңдау және айту. Ойын барысы: «Кімге жылы сөз айтамыз?» – жылы сөз айту ойыны.	Тақырыбы: «Бесік жырының әуені» Міндеті: Әуен мен сөз үйлесімін сезінуге үйрету. Тіл дамыту: Өлең мен әуен арасындағы байланысты түсіндіру. Көркем әдебиет: Бесік жырының әуенін тыңдап, қайталау. Ойын барысы: «Әуенмен тербетеміз» – жыр әуеніне сәйкес қозғалыс. Нәтиже: Әуен мен сөзді

	<p>Ойын барысы: «Суреттен тап!» – дәстүрге қатысты суреттерді сәйкестендіру. Нәтиже: Балалар ұлттық дәстүрлерге қызығушылық танытады. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті</p>	<p>сөздер айту . Нәтиже: Сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас әдебі дамиды. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті</p>	<p>Нәтиже: Балалар анық, дұрыс сөйлеуді үйренеді. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті</p>	<p>Нәтиже: Балалар өз сезімдерін сөзбен жеткізуді үйренеді. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті</p>	<p>сәйкестендіріп айту дағдысы қалыптасады. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті</p>
Таңертенгі жаттығу	<p>№6 жаттығу Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңберді кеңейтіп және тарылтып жүреді.</p>	<p>№7 жаттығу Балалар шағын топ болып бір-бірінің соңынан тізіліп, «жыланша» жүреді. Белгіде тоқтап, иықтарын айналдырады.</p>	<p>№8 жаттығу Балалар қолдарын алдына созып, шеңбер бойымен жүреді. Тоқтағанда қолдарын екі жаққа созып «қанат» қимылын жасайды.</p>	<p>№9 жаттығу Балалар оң иықпен, кейін сол иықпен шеңбер бойымен жүреді.</p>	<p>№10 жаттығу Балалар орындарында тұрып, аяқтың ұшымен жүреді, содан кейін өкшемен жүруге ауысады.</p>
Таңғы ас	<p>Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету</p>	<p>Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу, ас ішкенде дұрыс отыру қажет екенін үйрету (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету, тамақты ұқыпты ішу, дұрыс отыру (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>Қолдарын сабындап, көбікті үрлейді. Қасықты тәрелкеге салады. Ыстық тағамды үрлеп суытады. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>
ҮІӘ дайындық	<p>Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу</p>	<p>Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу</p>	<p>Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу</p>	<p>Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу</p>	<p>Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу</p>

<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p>Дене Тәрбиесі Тақырыбы: «Құстар ұшты» Міндеті: Қимылды үйлестіру және еліктеу қабілетін дамыту. Іс-әрекет: Тәрбиешінің артынан қимылдарды қайталайды (қолды сермеу, еңкею, айналу). Ойын барысы: «Құстар ұшты» – «ұшты» дегенде, балалар қолдарын қағып ұшады, «қонды» десе, отырады. Нәтиже: Қимыл үйлесімділігі мен есту арқылы әрекет ету дағдысы дамиды. Қаржылық сауаттылық – сандық Кішкентай сатып алушы» Балалар қуыршақ ақша алып, себетке ойыншық нан, алма, су салады. Ақшаны неге үнемдейміз?</p>	<p>Дене Тәрбиесі Тақырыбы: «Тоннель арқылы өтейік» Міндеті: Еңбектеу мен айналып өтуді үйрету. Іс-әрекет: Төмен қойылған доға немесе жіп астымен еңбектеу. Ойын барысы: «Тоннель арқылы өт» – балалар кезекпен еңбектеп өтеді. Нәтиже: Еңбектеу және бағытты сақтау қабілеті жетіледі. Қауіпсіздік «Қауіпсіз – қауіпті» суреттерді көрсету Алма, доп – қауіпсіз От, өткір пышақ – қауіпті Балалар дұрыс суретті көрсету</p>	<p>Дене Тәрбиесі Тақырыбы: «Кедергіден өтеміз» Міндеті: Заттардың арасымен қозғалу шеберлігін дамыту. Іс-әрекет: Еденге қойылған конустардың арасымен жүгіреді, айналып өтеді. Ойын барысы: «Кедергіден өт» – балалар кедергілерді айналып, бағыттан шықпай жүгіреді. Нәтиже: Кеңістікте бағдарлау мен икемділік қабілеті дамиды. Қаржылық сауаттылық – сандық Іс-әрекет: Ақшаны сандыққа жинау ойыны. Ұлттық құндылық: «Тиыннан теңге құралады» қайталату</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Музыкамен әңгіме» Міндеті: Музыкалық әуенге сәйкес қимыл мен сөзді үйлестіруге үйрету. Музыкалық әрекет: қысқа әуенмен әңгіме айту («Кішкентай қоян орманда серуендеді...») Тыңдау: Музыка өзгерген сайын қимыл да өзгереді (жүгірді, секірді, тығылды). Ән айту / ырғақ: «Қояндар» балалар әнін қысқа шумақпен айту. Ойын барысы: «Қоян мен түлкі» – музыка баяулағанда тығылады, тездеткенде жүгіреді. Нәтиже: Балалар әуен мен сөз ырғағына еліктеп, тыңдау қабілеті артады. Үнемдеу – су Іс-әрекет: Су кранды ашып-жабуды көрсету. Ұлттық құндылық: «Судың да сұрауы бар» мақалын қайталау.</p>	<p>Адалдық әліппесі негізінде Міндеті: Адал болуға баулу. Іс-әрекет барысы: «Жоғалған ойыншық» ойыны – тапқан баладан шындықты айтуын сұрау. Адалдық әліппесі негізінде Іс-әрекет: «Өз ойыншығын қайтар» ойыны. Ұлттық құндылық: «Адалдық – ардың ісі» мақалын қайталату</p>
<p>2-ші таңғы ас</p>	<p>«Тамақ ішкенде сөйлемейміз» жаттығуы. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау. : Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы.:Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балаларға қысқы ауа райының</p>	<p>Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін</p>	<p>Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ</p>	<p>Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі</p>	<p>Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру.Алдымен</p>

	салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу	немесе қауіпті жерлерді қоршайды.	құрғақ болуын тексеру, Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (шана, күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік, қолғап, бас киім) кигізеді.
Серуен	<p>Серуен картотекасы №11</p> <p>Міндеті: Балаларды бірге ойнауға үйрету.</p> <p>Іс-әрекеттер барысы: Балалар қол ұстасып шеңбер құрады, бірге әндетіп жүреді. «Достар шеңбері» ойынын ойнайды. Жолдан шықпау, тәрбиешіден алыс кетпеу.</p> <p>(мәдениет дағдысы, Қауіпсіздік ережесін үйрету)</p>	<p>Серуен картотекасы №12</p> <p>Мақсаты: Домалату, лактыру, ұстау әрекеттерін дамыту.</p> <p>Бөлмеде: Допты домалату, ұстап алу.</p> <p>Далада: Қардан “доп” жасап, бір-біріне лактыру.</p> <p>Ойын: «Кімге барады?»</p> <p>Барысы: Балалар допты бір-біріне домалатады, “Алу”, “Лактыр” сөздерін қайталайды.</p> <p>(Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру, қауіпсіздік сақтау дағдысы)</p>	<p>Серуен Картотекасы №13</p> <p>Міндеті: Достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Іс-әрекеттер барысы: «Жел соқты» ойыны. Балалар жан-жаққа тарап, қайта шеңберге жиналады. Бір-бірін итермеу, жүгіргенде абай болу. Желдің әсерін түсіндіру.</p> <p>(Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)</p>	<p>Серуен картотекасы №14</p> <p>Тақырып: «Жануарларды танимыз»</p> <p>Мақсаты: Қысқы жануарлармен таныстыру.</p> <p>Бөлмеде: Қоян, аю, түлкі суреттерін көрсету.</p> <p>Далада: Из қалдыру арқылы “кім өтті?” ойынын ойнау.</p> <p>Ойын: «Аю ұйықтап жатыр»</p> <p>Барысы: Балалар аюды оятпай, жай жүріп өтеді.</p> <p>Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Серуен картотекасы №15</p> <p>Тақырып: «Ағаштарға көмектесеміз»</p> <p>Мақсаты: Экологиялық тәрбиені қалыптастыру.</p> <p>Бөлмеде: Ағаштың суретін қарап, жапырақтардың жоқ екенін айту.</p> <p>Далада: Ағаш бұтақтарындағы қарды сілкілеу.</p> <p>Ойын: «Ағашты қорғаймыз»</p> <p>Барысы: Балалар “ағашқа қар көп түспесін” деп сілкілейді.</p> <p>(Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)</p>
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру, қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Еңбекке баулу

<p>Түскі ас</p>	<p>Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>Тамақ ішер алдында орындыққа өзі отырады. Бата айтқанда тәрбиешімен бірге «Әумин» дейді. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>	<p>Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)</p>
<p>Күндізгі ұйқы</p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. (Музыка ән тыңдау дағдысы)</p>	<p>балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бауырсақ ертегісін айту Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату (Көркем әдебиет)</p>	<p>ұйықтар алдында балаларға кітап оқу Мысық, әтеш және түлкі ертегісін айту (Көркем әдебиет)</p>	<p>балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту (Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)</p>	<p>ұйықтар алдында балаларға кітап оқу Торғай мен тышқан ертегісін айту (Көркем әдебиет)</p>
<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар</p>	<p>Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар</p>	<p>Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. «Денсаулық жолдарымен жүргізу » құмды жолдар</p>	<p>Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар</p>	<p>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар</p>
